

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Сарытерек ауылдық округіне қарасты Алпар учаскесіндегі "Қанат" шаруа қожалығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Зайсан ауданы Сарытерек ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 4 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Сарытерек ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 18 маусымдағы № 7 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 маусымда № 6030 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 128 ұсынысы негізінде Сарытерек ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ірі қара малдарының бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Зайсан ауданы Сарытерек ауылдық округіне қарасты Алпар учаскесіндегі "Қанат" шаруа қожалығына шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Зайсан ауданы Сарытерек ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 20 ақпандағы №4 "Сарытерек ауылдық округіне қарасты Алпар учаскесіндегі "Қанат" шаруа қожалығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2019 жылдың 21 ақпанында № 5736 болып тіркелген, 2019 жылғы 23 ақпанда "Достық" газетінде жарияланған және 2019 жылғы 01 наурызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Сарытерек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде, қазақ және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы

нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Зайсан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Зайсан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарытерек ауылдық округінің әкімі

А. Орынбаев